

Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1998 жылғы 26 желтоқсан N 290. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 ақпанда N 697 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 273 қаулысымен

-----Қаулыдан үзінді-----

Бағалы қағаздар нарығының мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - А г е н т т і к) қ а у л ы е т е д і :

Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздардың нарығында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру ережелерін бекіту туралы" 1998 жылғы 26 желтоқсандағы N 290 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 697 нөмірмен тіркелген, 1999 жылдың 1-14 наурызында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" атты ресми басылымдарының N 5(149) нөмірінде жарияланған)...

Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында және қолданылып жүрген заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Ұсынылған Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру

туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен бірлесіп осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде т і р к е с і н .

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 290 қаулысымен бекітілген

Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының (бұдан әрі - Жарлық), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және басқа заң актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру шарттарын б е л г і л е й д і .

Банктерге сеніп тапсырылған мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорларындағы бағалы қағаздар мен ақшаны сақтауға және есепке алуға байланысты олардың кастодиандық қызметті жүзеге асыруына Ұлттық Банктің келісім беру тәртібі мен шарттары Ұлттық Банктің жеке нормативтік құқықтық актісімен реттеледі.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде бағалы қағаздар рыногы мен лицензиялау мәселелерін реттейтін арнаулы заңдарда және басқа нормативтік құқықтық актілерде анықтамасы берілген ұғымдар пайдаланылады.

2. Банк бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) Ұлттық Банкпен алдын ала келісе отырып берген тиісті лицензиясы болғанда бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті (бұдан әрі - бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызмет) жүзеге асыруға құқылы. Банктің брокерлік қызметті жүзеге асыруы мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жасаумен ғана шектеледі.

3. Қолданылып жүрген заң нормаларын бұзғаны үшін бағалы қағаздардың рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша қайтарылып алынған банк кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісімді алу үшін уәкілетті орган лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін бір жыл өткеннен соң Ұлттық Банкке қайта өтінішпен баруға құқылы.

2-тарау. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім беру тәртібі

4. Банкке бағалы қағаздардың рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісімді Ұлттық Банк береді, ондай банк:

1) банк заңдарында ескерілген банктік және өзге операцияларды Қазақстан Республикасы аумағында кем дегенде бір жыл жүзеге асыруға;

2) Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді келісім беру туралы өтініш бергенге дейінгі үш ай бойы орындауға;

3) оның Ұлттық Банктің және басқа банктердің алдындағы міндеттемелері бойынша мерзімі өткен қарызы болмауға тиіс;

4) бюджет алдында мерзімі өткен қарызы болмауға тиіс;<*>

5) қолданылып жүрген заңдардың және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауға тиіс;

6) оның өз штатындағы бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік куәлігі бар кем дегенде үш маманы болуға тиіс.

Жарлықтың 8-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайда Ұлттық Банк өзге де бағалы қағаздармен дилерлік қызметті жүзеге асыру келісімін 1-6-тармақшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес беруден басқа, 1 млрд. теңге мөлшерінде өз капиталы бар банкке де беруі мүмкін.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2000 N 69 қ а у л ы с ы м е н .

5. Банк бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім

алу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды тапсырады:

1) бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім алу үшін өтініш;

2) бағалы қағаздар рыногында талап етілетін кәсіптік қызметтің толық сипаттамасы, оған қоса:

- бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру тәртібі;

- бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға ішкі банктік бақылау жасау тәртібі;

3) бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін банк мамандарының біліктілік куәліктерінің көшірмелері.

5-1. Ұлттық Банк бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішті осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап 3 апта ішінде қарауға тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2000 N 69 қаулысымен.

5-2. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім алу үшін Ереженің 5-тармағында көзделген құжаттар Ұлттық Банктің Банктерді қадағалау департаментіне беріледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2000 N 69 қаулысымен.

6. Ұлттық Банк банкке бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім беруден төмендегі негіздер бойынша бас тартуға құқылы:

1) банк осы Ереженің 4-тармағында көзделген талаптарын сақтамаса;

2) тапсырылған құжаттар толық болмаса немесе қолданылып жүрген заңдарда, сонымен бірге осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкес келмесе.

Ерекше жағдайларда, банкке бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруден бас тартуға негіз болса, бұл мәселе Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

7. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін Ұлттық Банктің келісімін алған банк 3 ай мерзім ішінде Ұлттық комиссияға тиісті лицензия алу үшін өтінішпен баруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногында банк кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін Ұлттық Банктің берген келісімі 3 ай бойы заңды. Банк Ұлттық комиссияға өтінішпен дер кезінде бармаса, аталған келісім өзінің заңды күшін жоғалтады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2000 N 69 қаулысымен.

8. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін Ұлттық комиссия берген лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі банктің клиенттері көретіндей жерге орналастырылуға тиіс.

9. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі берілген күннен бастап 5 күндік мерзім ішінде Ұлттық Банкке тапсырылуға тиіс.

10. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін берілген келісімді Ұлттық Банк төмендегі негіздер бойынша қайтарып ала алады:

- келісімнің нанымсыз мәліметтерді негізге ала отырып берілгендігі;
- банктің бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті реттейтін заңдарды б ұ з у ы ;
- банктің Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді бұзуы (екі немесе б і р н е ш е р е т) .

Келісімді қайтарып алу туралы хабарламаны Ұлттық Банк Ұлттық комиссияға банкке бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыру келісімін қайтарып алу туралы тиісті хат жіберген күннен бастап 7 күн ішінде жіберуге тиіс.

3-тарау. Қорытынды ережелер

11. Ұлттық Банк бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға банктерге берген өзінің келісімдерін тіркеп отырады.

12. Осы Ереженің шарттары бұзылған жағдайда, Ұлттық Банк банктерге банк заңдарында көзделген ықпал ету шараларын және/немесе санкция қолдануға қ ұ қ ы л ы .

13. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы